

**«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасын талқылау
қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата отырысының
ҰСЫНЫМДАРЫ**

2023 жылғы 10 қарашада VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палатаның отырысы өтті.

Отырыста «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының негізгі ережелері талқыланды.

Отырысқа қатысушылар қарастырылып отырған мәселенің өте өзекті екенін атап өтті. Бизнестің жауапкершілігін арттыру және тұтынушылардың құқықтарын тиімді қорғау заңның басым міндеттеріне айналуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата мынадай **ҰСЫНЫМДАР БЕРУДІ** орынды деп есептейді:

*Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті (бас комитет)
уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп:*

- тұтынушылардың белгіленбеген тобының атынан тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің, қауымдастықтардың (одақтардың) сотқа талап-арыздар беру және оларды қарау тәртібін айқындасын;

- ҚР Азаматтық процестік кодексіне тиісті өзгерістер енгізу арқылы сот шығыстары бойынша тұтынушы шығындарының сомасын (белгілі бір мәнге дейін, АЕК еселенген не тауар құнының 10%-нан аспайтын) шектеу мүмкіндігін қарастырсын;

- тауартанушылық сараптама жүргізуді қайта бастау мақсатында тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің немесе жұмыстардың сапасы мен қауіпсіздігіне сараптама жүргізудің тиісті әдістемелерін әзірлесін;

- тұтынушының өзі сатып алған тауарға сараптама жүргізу уақытында тауардың мақсаты мен негізгі сипаттамалары бойынша ұқсас тауарды алу құқығын көздерін;

- өндірушінің өнімнің қосалқы бөлшектерін қажетті көлемде шығаруды және сауда желісіне жеткізуді, оған техникалық қызмет көрсетуді және тауардың жарамдылық не пайдалану мерзімі ішінде жөндейді қамтамасыз ету міндеті туралы мәселені қарастырсын;

- азық-түлік тауарларын өткізушілерді (сауда желілерін) тауар бірлігі және тауар салмағының немесе көлемінің стандартты бірлігі үшін бағаларды көрсетуге міндеттесін, бұл неғұрлым хабардар болып таңдауға және тауарлардың жасырын немесе қымбаттатылған бағалары сияқты жосықсыз баға белгілеу практикасының алдын алуға ықпал етеді;

- негізгі жобаның (тұтынушылардың құқықтары туралы) 2-бабының 2-тармағын алып тастау туралы мәселені қарастырсын, өйткені осы тармақтың бірінші және екінші бөліктері өзара сәйкес келмейді (*көрсетілген салалардағы тұтынушылардың құқықтары және оларды қорғаудың негізгі мәселелері тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңда белгіленеді, бұл ретте өзге де құқықтары мен оларды қорғаудың ерекшеліктері заңдарда және өзге де НҚА-да белгіленеді*);

- негізгі жобаның 2-бабының 3-тармағын мынадай редакцияда жазсын:

«Қаржылық, төлем, медициналық (фармацевтикалық), туристік және өзге де қызметтер саласындағы тұтынушылардың құқықтары, сондай-ақ оларды қорғау мәселелері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді» (*өйткені денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық қатынастар «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексімен регламенттеледі, ал азаматтар медициналық қызметтерді тұтынушылар болып табылады*);

- негізгі жобаның 9-бабын (Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі ақпараттық жүйе) алып тастасын не осындай жүйенің сипаттамасымен, сондай-ақ оның жұмысының мақсаттары мен қағидаттарымен толықтырсын (*бұл – енгізілуі реттеушілік әсерді талдау рәсімін жүргізуді талап ететін қосымша реттеушілік тетік*);

- ілеспе жобадан («Сауда қызметін реттеу туралы» ҚР Заңының 1-бабы 27) тармақшасының ұсынылған редакциясында) «сауда объектісі» ұғымының анықтамасында «электрондық сауда алаңы, электрондық саудаға қатысушы пайдаланатын интернет-ресурс,» деген сөздерді алып тастасын (*Сауда объектісінің анықтамасына осы ұғымдарды енгізу сауда объектілері үшін ішкі сауда қағидаларында белгіленген талаптарға айтарлықтай қайшы келеді және оларды электрондық алаңдар мен интернет-ресурстар үшін көрінеу түрде орындалмайтын етеді. Электрондық коммерцияны/сауданы реттеу туралы жеке акт әзірлеу қажет*).

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің жанындағы
Қоғамдық палатаның төрағасы**



А. САРЫМ